

сельскохозяйственных угодий, величины основных средств численности работников , характеризуя , таким образом несбалансированность факторов производства.

Следовательно, основным фактором наращивания объемов продаж здесь являются текущие производственные затраты , увеличение которых на 1000 тенге обеспечивает прирост товарной продукции на 350-400 тенге. По группе хозяйств с максимальными объемами товарной продукции изучаемыми данными наблюдается большинство случаев изменение результативного показателя и все это на наш взгляд отражают регулируемый характер формирования стоимости товарной продукции. Во всех вариантах исследования, преобладающее значение для формирования стоимости товарной продукции имеет увеличение площади сельскохозяйственных угодий, прирост продукции на 1 га. увеличивается .

Повышение производственных затрат на 1000 тенге способствует росту товарной продукции, в то время как соответствующее увеличение стоимости основных средств становится незначительным. Следовательно, эти соотношения во многом объясняют хозяйственное поведение крупных субъектов рынка так, как организационные решения относительно присоединения других хозяйств и расширения площади землепользования должны стать ,особенностью инвестиционной и финансовой политики.

Выводы Характер влияния и теснота связей факторов , определяющих достигнутый уровень развития сельскохозяйственных формирований, позволяет сделать вывод о том, что параметры изученных хозяйств, составляющие производственного потенциала не достаточны для ускоренного самостоятельного развития значительных частей хозяйств, в частности выявленные в результате изучения формы хозяйствования сельскохозяйственных формирований в Жезказганском регионе, Карагандинской области в 1998-2004 годах. Следовательно , необходим поиск организационных или иных решений, способствующих переходу их на качественно иной уровень развития и на наш взгляд перспективными являются возможности, предоставляемые интеграцией , особенно для предприятий, занимающихся производством зерна и молока.

- 1.Пестряков Т. Новые формы хозяйствования в АПК , Российский экономический журнал. №4, 1994г.
- 2.Келеш Р. Малые и средние предприятия : проблемы и политика. Опыт Турции, Малый бизнес, рынок и общество. 1992. №3.
- 3.Кириленко И.К. Реструктуризация производства и рыночные реформы аграрного хозяйствования , Экономист. 1997. №12.

* * *

Мақалада, мемлекеттік емес ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруші құрлымдар ерекшеліктері, ауылшаруашылығы өндірісі құрлымдарының тиімді үлгілері туралы баяндалады. Сонымен қатар шаруашылық құрлымдары көлемдерінің ауылшаруашылығы өнімдер түрлеріне де байланысты болатындығы айтылады .

The article highlights the peculiarities of non – governmental property agricultural commodity producing and the effective management system. In addition, the research and detection of specified relation between producing agricultural production types and husbandry size in increasing the production efficiency.

УДК.636.085.52:637.12.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ РЕФОРМАСЫ

Сарханов К.А.

Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы басқармасы

Кіріспе. Елімізде қашан да, мал өнімдері ауыл шаруашылығы саласында басымдылығымен ерекшеленген ғой. Сондықтан да, ата-бабаларымыздың ертеректен-ақ мал шаруашылығына, оның ішінде жайлымдық құйрықты қой, жылқы, түйе шаруашылықтарына айтарлықтай көңіл бөлулері кездейсоқтық болмаса керек.

Мысалы, тарихи деректерге сүйенсек, Қазан төңкерісіне дейінгі ауылшаруашылығы мал басы, одан кейінгі барлық кезендермен салыстырғанда бірнеше есе артық болған екен. Дегенмен де, кейінде ауылшаруашылығы өндірісінде жоспарлы колхоздық, совхоздық мемлекеттік жүйенің қалыптасуы, тың жерлерді игеру іс-шаралары мал шаруашылығының қарқындап дамуына,

сонымен қатар, сүтті, етті ірі қара, биязы жүнді, қаракөл терісін өндіретін қой, өндірістік негіздегі құс, шошқа мамандандырылған шаруашылықтарының қалыптасуына ықпал еткенін айтпауға болмайды.

Сондай-ақ, Кеңестік заманның 70-жылдарында бүгінгі егеменді еліміз аумағында, жеріміздің табиғи, ауа райы жағдайларына мейлінше бейімделген, айтарлықтай өнімділіктерімен ерекшеленетін ірі қара малының 10, қой мен ешкінің 20, жылқының 12, жаңа тұқымдары мен түрлері пайда болған екен. Дегенмен де, ауылшаруашылығы өндірісі ерекшеліктеріне сай бұрыннан қалыптасқан келеңсіздіктерді айтпағанда, мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарын жекешелендіруде жіберілген кемшіліктер мен ескерілмеген жәйттерге байланысты мал шаруашылығы келешегі бүгінде айтарлықтай қиындықтарға кезігіп отыр деп айтуға болады.

Материалдар Осыған орай, елімізде ауылшаруашылығы реформасы басталар шақта, Жезқазған облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы басшысы ретінде, мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарын (совхоздар) жекешелендіру мәселесі төңірегінде, негізгі мазмұны жекешелендіруді ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру ерекшеліктеріне байланысты атқаруға саятын үлгілер жобаларын ұсынып, ресми акпараттар беттерінде жария еткенімді бүгінде қайталап айтқым келеді.

Бірінші жекешелендіру жобасы - мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарында тұрақты зиянды қызмет ететін шаруашылық бөлімшелерін, сондай-ақ мемлекеттік шаруашылық құрлымдары жағдайында пайдалану тиімділігі төмен: мал бастарын, мүліктерді, ауылшаруашылығы жерлерін, жекешелендіруді мақсат етті. Мысалы, бұл іс-шараның тиімділігіне бір дәлел, Жезқазған облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы тәжірибе шаруашылығында, сүт өнімділігі шаруашылық орташа көрсеткішінен 30% төмен 30 бас сауын сиырларды жеке тұлғаға жалға беру арқылы жүргізілген зерттеу жұмыстары, бұл мал бастарының өнімділігінің аз ғана мерзімде үштен бір есеге арытқандығын байқатты. Менің ойымша бұл жетістік жеке тұлғаның табыс табуға ынтылылығының арқасында шағын мал бастарына қажетті жағдайларды қалыптастыру арқылы мүмкін болған сияқты.

Екінші-жоба, астық, сүт өндіретін мемлекеттік шаруашылықтарды, тұтастығын сақтай отыра жалға беруді, сондай-ақ ауылшаруашылығы тәжірибе шаруашылықтарын, асыл тұқымды мал зауыттарын, дәнді дақыл, мал азығы өсімдіктері тұқымдарын өндіретін шаруашылықтарды, негізгі мақсаттарына сай емес қызметтерден арылтып, мемлекеттік меншікте қалдыруды қарастырды.

Үшінші жоба – қой шаруашылығын отарлар бойынша, арнайы тәртіппен жекешелендіруді қарастырды.

Атап айтқанда, бұл мал түрінің табиғи ерекшеліктері, мемлекеттік қой шаруашылығы жүйесінің өзі бұрыннан-ақ жекешелендіруге бейімдеп қойғандай болды ғой. Дегенмен де, қой шаруашылығын тиімділігінің елді мекендерден шалғай, қысы-жазы жайлымдық жағдайда ғана мүмкіндігі, болашақ иегерлерден айтарлықтай кәсіби қаблеттілікті, төзімділікті, іскерлікті де талап ететіндігі қой отарларын үлес жүйесімен бөлудің жетімсіздігін көрсетсе керек. Сондықтан да, мемлекеттік шаруашылықтардағы қой отарларын бөліске салмай, бірінші кезекте ерікті түрде бұрыннан бұл кәсіпті атқарып келе жатқан шопандарға арнайы үлгімен жекешелендіру қарастырылды.

Мысалы, шопан жекешелендіруге дейін, мемлекеттік 500 қойды бағып келді делік. Егер де ол келешекте осы кәсібін жеке меншік құрлым тұрғысында жалғастыруға ниет білдірсе, өкілетті мемлекеттік орган онымен бес жылға, мемлекет есебіне, қой еті, жүнін, төлін өндіру міндеттемелері, жалға алушыға жыл сайын тегін берілетін мал бастары көрсетілген екі жақты келісім-шарт жасайды. Демек, жалға алушы жыл сайын келісім шарт көрсеткіштерін орындап отырғанда 100 қойдан тегін иеленіп, бес жылда 500 малды жеке меншігіне алатын болады.

Нәтижелер Бұл жекешелендіру амалының тиімділігі, біріншіден мемлекеттік қой шаруашылықтарын жекешелендіру есебінен кәсіби маман, іскер азаматтар иелігіндегі жеке меншік қой шаруашылықтары қалыптасады, екіншіден, мал отарларының тұтастығы сақталады, үшіншіден жекешелендіру барысында мемлекет мүдесі үшін қосымша мал өнімдері өндіріліп, жекешелендіруден шаруашылық мал-мүліктерін иеленбеген еңбеккерлерге қаржылай үлестерін беруге мүмкіндік жасалады.

Дегенмен де, елімізде мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарын жекешелендіру сол кезегі қолданыстағы жекешелендіруге байланысты заңдылықтардың да толық сақталмай жүргізілгенін айтпағанда, мемлекеттік асыл тұқымды мал зауыттарын жекеменшікке бергенде,

мал басы тұқымдық, өнімділік құндылықтарына деген көзқарас айтарлықтай арытады деген теріс түсініктің әсерінен де, мал шаруашылығы айтарлықтай зардап шекті деп айтуға болады. Сонымен, елімізде жекешелендіру келеңсіз іс-әрекеттерінен мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу мекемелері, ғалымдары, мал мамандары келешекте не кәсіппен айналысатынын білмей де қалған жағдайға жетті.

Атап айтқанда, жекешелендіруден кейін асыл тұқымды малдар өсіретін шаруашылықтар біртіндеп тарай бастады, яғни асыл тұқымды мал бастары бөліске түсіп, көп жағдайда шаруашылық қарыздарын өтеу үшін де ет комбинаттарына өткізілді. Әрине, бұл жерде, ауылшаруашылығы саласында кейінгі кезде атқарылып жатқан іс-шаралардың маңыздылығына шек қоюға болмайтын шығар, бірақта бұрынғы жоспарлы мемлекеттік ауылшаруашылығы ғылыми, шаруашылық құрлымдарында мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстарын атқару жүйесінің тиімділігін бағаламауды, бүгінгі мал шаруашылығы жағдайына жан ашушылық деп айтуға болмайды.

Мысалы, мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарында, сауын сиырлардан 5000 кг оданда жоғары сүт сауу, еттік ірі қара аталық малдар тірідей салмақтарын 1200-1400 кг. жеткізу немесе аналық ірі қарадан жылына екі төл алу, еттік ірі қара 12-15 айлық еркек тайыншаларының тірідей салмақтарын 420-460 кг. етке өткізу көрсеткіштері әлі ұмтыла қойған жоқ сияқты.

Амалдар Дегенмен де, бұрында да, мал шаруашылығында, әсіресе шаруашылықты ұйымдастыру іс-шаралары жетімсіздіктері, еңбек ақы төлеудегі келеңсіздіктер мемлекет мүліктеріне жауапсыздықтарды қалыптастырып, талан-тараж іс-әрекеттерінің орын алуына мүмкіндік жасады деуге болады. Мысалы, Жезқазған облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы ғылыми-сараптамалық деректеріне сай, облыс мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарында, тек қана шаруашылық, өндірістік және ұйымдастырушылық іс-шаралар кемістіктерінен мал шаруашылығы өнімділігі мүмкіндігі 60-70% пайдаланылған, жыл көлемінде мал бастарының негізсіз шығындары орта есеппен ірі қара, жылқы малдары - 8-10%, қой,ешкі - 15-17% дейін жеткен.

Сонымен қатар, бүгінде ауылшаруашылығы жағдайын таразыласақ, басты мәселе бұл әр салалы ел экономикасына маңызы зор өндірістің дамуына сай келетін шаруашылық құрлымдық жүйелерінің қалыптаспай келе жатқанында ғой деп ойлаймын.

Сондықтан да, менің ойымша бүгінде ауылшаруашылығы өндірісіне мемлекеттік қолдау мен қаржылай көмектер көрсетумен қатар, тиімді мемлекеттік реттеу, бақылау тетіктерін, ол үшін жоғарыда айтылғандай, шаруашылық құрлымдары тиімді үлгілерін қалыптастыру кезек күттірмейтін іс-шаралар сияқты.

Мысалы, бұрында мемлекеттік шаруашылықтарда еңбек өнімділігіне деген ұжым мүшелері ынтылылығы белгілі себептермен төмен болды десек, бүгінгі мемлекеттік емес құрлымдарда артты ма, менің ойымша әзірге ауылшаруашылығы құрлымдары иегерлері тарапынан тек қана табыс табу іс-қимылынан басқа іс-әрекеттер байқалмайды.

Атап айтқанда, бүгінгі қалыптасқан жекеменшік құрлымдар бұрынғы мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдары қосымша атқарған ауылдық елді мекендер коммуналдық-әлеуметтік қызметтерінен мүлдем босатылғанның өзінде, шаруашылық тиімділіктеріне қол жеткізе алмауы да белгілі бір іс-шараларды атқаруды қажет етпей ме?

Сонымен қатар, бұрынғы Жезқазған облысы мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдарын жекешелендіру, үлгісі, шағын шаруашылықтардың пайда болуына тікелей ықпал еткенін атап айтқым келеді, яғни менің ойымша осы іс-әрекеттің өзінен бүгінде Жезқазған өңірі ауылшаруашылығы құрлымдары өндірісі тұралап отыр деп айтуға болады.

Сондықтан да, еліміздің кедендік үштік одаққа, келешекте дүние жүзілік сауда қауымдастығына өтуіне байланысты ауылшаруашылығы өндірісі тиімділігін арыттыруда жан-жақты қарастырылған арнайы бағдарлама жасау қажеттілігі бар деп есептеймін.

Дегенмен де, ауылшаруашылығы реформасы барысында өнім өндірушілер шаруашылық-құрлымдық жүйесін жетілдіруде түрлі ассоциациялар, кооперативтер құру, бүгінде холдингтік компаниялар ұйымдастыру жұмыстары атқарылып та келеді, бірақ менің ойымша, мемлекеттік билік органдары мен мемлекеттік емес ауылшаруашылығы құрлымдары араларында өз ара тиімді байланыс жүйесінің қалыптаспауынан бұл іс-шаралар ұтымдылығынан гөрі келеңсіздіктері басым болғанға ұқсайды.

Мысалы, ауылшаруашылығы өндірісінде мемлекеттік емес шаруашылық құрлымдары

қалыптаса бастауымен ауылда жұмыссыздықтың белең алуы, өнім өндіру, еңбек өнімділігі тиімділігінің, ауылдық елді мекендер инфраструктуралық жағдайларының күрт төмендеуі, ең бастысы бұл келеңсіздіктердің өтпелі кезеңде ғана емес, бүгінге дейін жалғасып отырғандығы да терең ойлануды керек ететін сияқты. Сонымен қатар, егерде ауылдық елді мекендер әлеметтік-коммунальдық нысандарының кезінде мемлекеттік ауылшаруашылығы құрлымдары есебінен қомақты көмектерді иеленіп отырғанын, еңбекке жарамды ауыл тұрғындарының толықтай тұрақты жұмыс орындарымен қамтылғанын, осындай жағдайда шаруашылықтардың басым бөлігінің табыстылықта ауылшаруашылығы өнімдерін өндіргендерін ескерсек, әрине бүгінгі ауылдық жерлердегі шағын да, қауқарсыз құрлымдармен азық-түлік проблемаларын айтпағанда, ауылдағы жағдайды жақсартады деу сенімсіздік тудырады. Әрине, мен бұл жерде шаруашылықтар да басқарған ауылшаруашылығы маманы ретінде жоғарыда аталған мемлекеттік ауылшаруашылығы кәсіпорындары елді мекендер инфраструктуралық құрлымдарына қаржылай, материалдық көмектерінің көбіне шаруашылықтың таза пайдасы емес, тікелей өндірістік шығындар есебінен атқарылғандығын, бұл экономика заңдылығына кәріағар екенін, бұрынғы совхоздарда жұмыс орындар саны да елді мекен тұрғындары сұранысына сай реттелгенін жақсы білемін, бірақта қай қоғамдық-фармация болмасын, оның басты міндеті халқы мүдесіне қызмет ету десек, мемлекеттік шаруашылықтардағы бұл іс-шараларды қалай жөнсіз деп айтуға болады.

Елбасымыз да, ауылшаруашылығы реформасында орын алған елеулі кемшіліктерді бірнеше рет атап өтіп, оларды жоюдың, келешекке нақты бағдарлама жасаудың маңыздылығын айтты ғой.

Нәтижелер Осыған орай, менің ойымша ауылшаруашылығын жекешелендіруге дейінгі және кейінгі кезеңдерде ауыл шаруашылығы өндірісінде орын алған кемшіліктер мен келеңсіздіктерді анықтау, жетістіктерінің тиімді жақтарын, ауылшаруашылығы өнімдер түрлерін өндіру ерекшеліктерін де ескере отыра, тиісті іс-шаралар атқару тиімділігіне менің кұманым жоқ.

Мысалы, көптеген дамыған елдерде соңғы кезде, әсіресе әлемдік дағдарыстан кейін мемлекеттік құрлымдарды ұзақ мерзімде жалға беруді тиімді деп санайтын болды. Меніңше бұл тың көзқарастың ұтымдылығы құрлымдарға шаруашылық дербестігін беру мен мемлекеттік бақылау, реттеудің ықпалдылығын арыттыруда ғой деймін.

Сондықтан да, бүгінде қалыптасып келе жатқан шағын құрлымдарға кері әсері болмайтын жағдайда, жекешелендіруден бүгінде пайдаланусыз, иесіз қалған ауылшаруашылығы жерлері, жылжымайтын мүліктері негізінде, меншік түрлеріне қарамай іріленген мал шаруашылығы құрлымдарын ұйымдастырса, бұл іс-шараның берері аз болмас еді деп ойлаймын. Атап айтқанда, елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ішкі нарықта әділ де, тиімді ауылшаруашылығы өнімдері бәсекелестігін қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік биліктің ауылшаруашылығы өндірісінде ықпалдылығын арыттыруға айтарлықтай мүмкіндіктер пайда болар еді.

Дегенмен де, бүгінде саны жағынан басымдылығымен ерекшеленетін шағын ауылшаруашылығы құрлымдарының шаруашылық тиімділігін арыттыру мәселесі де назардан тыс қалмауы керек сияқты. Мысалы, Қарағанды облысы Шет ауданына басшылық жасаған кезімде, ауылшаруашылығы құрлымдарының өндіріс құралдарына, өндірген өнімдеріне, жылжымайтын мүліктеріне меншік иелігін өзгертпей, олардың материалдық-техникалық жабдықталуында, өндірген өнімдерін пұлдап өткізулерінде бірлесіп іс-құмылдар жасайтын, қауымдастық үлгісін қалыптастырудың арқасында кішігірім ауылшаруашылығы құрлымдары тиімділігіне қол жеткізгендей болдық.

Атап айтқанда, аудандағы тоғыз жолдың торабы Жарық темір жол кентіндегі астық қабылдау, өңдеу, сақтау және жанар- жағар май кәсіпорындары негізінде ауылшаруашылығы өнімдер өндірушілерінің аудандық өндірістік бірлестігі құрылды. Бұл атқарған іс-шарамыз тиімділігіне ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруден бастап, тұтынушыларға сатуға дейінгі шығындарға орталықтандырылған есеп жүргізу жүйесі, бірлестік құрамындағы шаруашылық құрлымдары табыстылығын, олардың қызметтері үлес салмағымен бағалау, бірлестік бойынша тиімділікке қол жеткізудің негізгі шарты болды.

Бұл кезінде, мәжбүрлікпен асығыстау атқарылған экспериментті іс-шарамыз ақырында аудан ауылшаруашылығы өндірісі жағдайын көтеруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға біршама мүмкіндіктер жасады.

Қорытынды. Демек, жоғарыда баяндалған іс-тәжірибелер қортындысында бүгінде елімізде меншік түрлеріне қарамай іріленген ауылшаруашылығы құрлымдарын құру, шағын құрлымдар

шаруашылық тиімділігін арыттыруда, ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруші, өңдеуші, сатушы құрылымдар негізінде жекелеген бірлестіктер ұйымдастыру, ауылшаруашылығы өндірісін өз мәнінде өркендетудің ең тиімді жолдары болып есептеледі деп айтуға болады.

- 1 Абдиров Ж.А., Сигарев М.И., Курьяков Экономический механизм хозяйствования в аграрном производстве Казахстана (опыт и проблемы) КазНИИЭОАпк.- Алматы: «Бастау» . 1997 –с.33
2. Калиев Г.А. Аграрная реформа в Казахстане: история, современность, перспективы. – Алматы: РНИ «Бастау» , 1998 г. с.6.
3. Есиркепов Т.А., Асаинова Б.Б. Становление многообразия форм собственности и хозяйствования в аграрном секторе в условиях перехода к рыночным отношениям. – Алматы, 1998.

* * *

В статье изучены особенности приватизации сельскохозяйственных формирований и на основе собственных исследований изложены наиболее эффективные системы хозяйствования при мелкотоварном производстве. При этом выявлены основные недостатки реформирования сельскохозяйственных предприятия, значимые в осуществлении мероприятия по развитию сельского хозяйства в перспективу.

The article highlights the study of privatization peculiarities of agricultural formations based on own research, and the more effective methods of small commodity production management system. More over, the agricultural enterprises central failure was detected, meaningful for perspective agricultural development.

УДК 632.086.

СЕЛЕКЦИОННО-ПЛЕМЕННАЯ РАБОТА СО СТАДОМ КРАСНО-ПЕСТРОЙ ПОРОДЫ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ

Тулебаев Б., Сидихов Б. М.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Обеспечение продовольственной безопасности Республики Казахстан и конкурентоспособности животноводческой продукции, очень важная задача, поставленная в Послании Президента Н.Н. Назарбаева. Рост населения страны и непрерывное повышение его жизненного уровня настоятельно требуют ежегодного увеличения производства продуктов животноводства, в том числе такого высокоценного продукта питания, как молоко. Значение увеличения производства и повышения качества молока и молочных продуктов в связи с этим возрастает. Решение этой важной проблемы государственного масштаба невозможно без организации целенаправленной крупномасштабной селекции в молочном скотоводстве.

В решении актуальной проблемы - увеличения производства продуктов животноводства ведущую роль играет селекционно-племенная работа, направленная на качественное совершенствование существующих и выведение новых высокопродуктивных пород, типов, линий и стад. Совершенствование племенных и продуктивных качеств молочного скота в последние годы во многих странах мира, проводится за счет использования генетического потенциала лучших пород.

В связи с этим в Западном Казахстане развитию молочного скотоводства, дальнейшему качественному совершенствованию племенных и продуктивных качеств животных красно-пестрой породы придается огромное значение/1-4/.

В РК и РФ, в том числе в хозяйствах Западно-Казахстанской и Саратовской областей, длительное время ведется преобразование симментальского скота путем использования генетических ресурсов красно-пестрой голштинской породы. Обусловлено это тем, что симментальский скот имеет низкую молочную продуктивность, невысокую оплату корма